

10 Түркістан облысының әкімдігінің ресми интернет-сайты. 2019. - (<http://www.gov.kz/pages/arnay>).

♦♦♦♦♦ жеріне қатысты ұсыныстарды әзірлеуге негіз болады. Мал шаруашылығы салаларының аумақтық орналасуына ұқсас баға берілген. Жануарлардың жекелеген түрлерін өсіруде, мал шаруашылығы өнімдерін өндіруде және тұтастай алғанда өңірдің табиғи-климаттық жағдайлары бойынша агроөнеркәсіптік кешенде мамандандырудың перспективалық бағыттарын анықтауға мүмкіндік берген жануарлардың өнімділік индекстерін, өнімнің түрлері мен бәсекеге қабілеттілігі бойынша өзіндік құнын есептеу көрсетілген. Облыстың аграрлық секторы дамуының жалпы үрдістері анықталған және демографияның өзгеруін және басқа факторларды ескере отырып, азық-түліктің негізгі түрлеріне сұраныс болжамы берілген. Табиғи-климаттық жағдайлар бойынша Жамбыл облысының аумағы үш аймаққа: шөлді, тау бөктеріндегі-шөлді-далалы және ортаазиялық таулы болып бөлінеді. Зерттеу барысында олардың жалпы алып отырған аумағы, ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алқабының көлемі анықталған, олардың жалпы өндірісі, өндіріс шығындары, сату бағасы анықталған. Мақала 267 бюджеттік бағдарламаның, 101 кіші бағдарламаның зерттеу нәтижелері бойынша жазылған, тақырыбы: "Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығының мамандану аймақтарын ескере отырып, табыстылық пен бәсекеге қабілеттілікті арттыруды қамтамасыз ететін олардың қызметінің оңтайлы көрсеткіштерін (өнімнің өзіндік құнын) анықтай отырып, мамандандырылған аграрлық құрылымдардың экономикалық модельдері".

Аннотация. Дан анализ размещения посевных площадей сельскохозяйственных культур по природным зонам Жамбылской области. Проанализированы урожайность, себестоимость продукции и эффективность производства. Рассчитаны их индексы, которые послужили основой для разработки предложений касательно местоположения посевов сельхозкультур по физико-географическим границам. Представлена аналогичная оценка территориального расположения отраслей животноводства. Показан расчет индексов продуктивности животных, себестоимости продукции по видам и конкурентоспособности, позволивших определить перспективные направления специализации в разведении отдельных типов животных, производстве животноводческой продукции и агропромышленном комплексе в целом по природно-климатическим условиям региона. Выявлены общие тенденции развития аграрного сектора области и дан прогноз спроса на основные виды продовольствия, с учетом изменения демографии и других факторов. По природно-климатическим условиям территория Жамбылской области делится на три зоны: пустынная, предгорно-пустынно-степная и среднеазиатская горная. В ходе исследования установлены общая занимаемая ими территория, размер посевных площадей сельскохозяйственных культур, определены их валовой сбор, производственные затраты, реализационные цены. Статья написана по результатам исследований бюджетной программы 267, подпрограммы 101, тема: «Экономические модели специализированных аграрных формирований с определением оптимальных показателей их деятельности (себестоимость продукции), обеспечивающих повышение доходности и конкурентоспособности, с учетом зон специализации сельского хозяйства Республики Казахстан».

Abstract. The analysis of distribution of cropsown areas in the natural zones of the Zhambyl region is presented. Productivity, production cost and production efficiency have been analyzed. Their indices were calculated, which served as the basis for the development of proposals regarding the location of crops by physical and geographical boundaries. A similar assessment of the territorial location of livestock industries is presented. The calculation of the indices of animal productivity, production cost by species and competitiveness, which made it possible to determine promising areas of specialization in breeding certain types of animals, livestock production and agriculture in general, according to the climatic conditions of the region, is presented. The general trends in the development of agricultural sector of the region are identified and a forecast of demand for the main types of food is given, taking into account changes in demography and other factors. According to climatic conditions, the territory of the Zhambyl region is divided into three zones: desert, foothill-desert-steppe and Central Asian mountainous. In the course of the study, the total territory occupied by them, the size of the sown areas of agricultural crops, their gross tax, production costs and sales prices were determined. The article was written based on the results of studies of budget program 267, subprogram 101, topic: "Economic models of specialized agricultural entities and determination of the optimal indicators of their activity (production costs), ensuring increased profitability and competitiveness, taking into account the areas of specialization of agricultural sector of the Republic of Kazakhstan".

Түйінді сөздер: ауыл шаруашылығы, табиғи аймақтар, орналастыру, мамандандыру, ауыл шаруашылығы дақылдары, жануарлардың түрлері, өнімділігі, өнімділік, өнімділігі, өзіндік құны, бәсекеге қабілеттілігі.

Keywords: agriculture, natural zones, distribution, specialization, crops, animal species, productivity, yield capacity, cost, competitiveness.

Ортаазиялық таулы аймағының жер көлемі 1 153 мың гектарды немесе облыс аумағының 7,9%-ын құрайды. Тау бөктеріндегі шөлді-дала және ортаазиялық таулы

аймақтардың ауыл шаруашылығы әр түрлі өнім түрлерін өндіруден тұрады.

Мамандану жағдайын бағалау үшін табиғи аймақтар бойынша ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алқаптарын орналастыруға талдау жүргізілді, ол мыналарды көрсетті: ауыл шаруашылығы дақылдарының егістіктері негізінен ортаазиялық таулы және тау бөктеріндегі шөлді-дала аймақтарында орналасқан. Бірінші аймақта дәнді және дәнді-бұршақты дақылдардың 44%-ы, ал екінші аймақта – 56%-ы орналасқан. Күздік бидай, арпа, дәндік жүгері егіледі, сонымен қатар осы екі аймақта 89,8 мың гектар алқапта майлы дақылдар егіледі, оның ішінде 85 мың гектары сафлор (94,6%), күнбағысқа (4,1%) – 3 692 га. Ортаазиялық таулы аймағында сафлор 48,5 мың га алқапта өңделеді, бұл оның 57%-ын құрайды, тау бөктеріндегі шөлейт-дала аймағында – 36,6 мың га (43%). Облыста техникалық дақылдар – қант қызылшасы қайта жаңғыртылуда. 2018 жылы оның егістік алқабы облыс бойынша 8819 га құрады, оның 28,0%-ы ортаазиялық таулы аймағында, ал 62%-ы тау бөктеріндегі шөлді-дала аймағына тиесілі.

Халықтың азық-түлік өнімдеріне деген сұранысын қанағаттандыруда жеміс-көкөніс өнімдері мен картопқа деген қажеттілік өсуде. 2018 жылы картоптың егістік алқабы 9,0 мың гектарды құрады, оның 5,6 мың гектары (62,4%) ортаазиялық таулы аймақта, 3,3 мың гектары (36,2%) тау бөктеріндегі шөлді-дала аймағында орналасқан. Оның ең үлкен аумағы Жуалы және Қордай аудандарына тиесілі.

Облыстың табиғи жағдайлары көкөніс және бақша дақылдарын өсіруге қолайлы. Көкөніс дақылдары 28,0 мың гектардан астам жерде егілді. Олардың жартысынан

астамы – 14,5 мың га (51,6%) екінші тау бөктерінде шөлді-дала аймағының үлесіне тиесілі. Бірінші аймақта көкөніс дақылдарының егіс алқабы 13,6 мың га (48,4%) құрады. Сұраныстың өсуіне байланысты бақша дақылдарының егістік алқабы кеңейді. 2018 жылы олардың алқабы 10,8 мың гектарға жетті. Бақша дақылдар барлық аймақтар өсіріледі. Шу ауданы осы дақылдың егіс көлемі жағынан басымдыққа ие. Оның үлесіне шамамен 6,0 мың га келеді.

Жамбыл облысы жататын республиканың оңтүстігі дәстүрлі түрде жеміс дақылдары мен жүзімді өсіру аймағы болып табылады. Дәнді жемістер алқабы облыста 3,2 мың га құрайды. Оның 59,1%-ы ортаазиялық таулы аймағында, ал 40,9%-ы тау бөктеріндегі шөлді-дала аймағына келеді.

Облыста жемшөп дақылдары 203,7 мың гектардан астам жерді алып жатыр, оның 62,0%-ы бірінші – ортаазиялық таулы аймағының үлесіне, 37,9%-ы тау бөктеріндегі шөлді-дала аймағының үлесіне келеді.

Өсірілетін ауыл шаруашылығы дақылдарын орналастыру ұтымдылығын бағалауда табиғи, ұйымдастырушылық, экономикалық, технологиялық және басқа да факторлардың әсерінен қалыптасатын олардың өнімділік көрсеткішіне маңызды орын беріледі. Ауыл шаруашылығы дақылдарының неғұрлым жоғары өнімділігіне қол жеткізу өнімнің өзіндік құнын төмендетудің және өнім өндірісінің тиімділігі мен оның бәсекеге қабілеттілігіне қол жеткізудің негізі болып табылады [6, 7].

Талдау облыстың дәнді дақылдардың өнімділігін арттыруда кейбір табыстарға қол жеткізуін көрсетті. Күздік бидайдың орташа өнімділігі 20,65 ц/га, дәндік жүгері 56,15 ц/га құрады (1 кесте).

1 кесте – 2018 жылғы Жамбыл облысындағы табиғи аймақтар бойынша ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімділігі, ц/га

Аймақ		Ортаазиялық таулы аймағы бойынша жиыны	Тау бөктеріндегі шөлді-дала аймағы бойынша жиыны	Облыс бойынша жиыны
Дәнді және бұршақты дақылдар, барлығы		24,6	25,6	25,1
Оның ішінде	күздік бидай	20,6	20,7	20,65
	жаздық бидай	17,7	14,0	15,9
	жүгері	57,5	54,8	56,15
	күздік және жаздық арпа	20,6	20,5	20,55
	күздік арпа	15,0	12,0	13,5
	жаздық арпа	20,6	20,5	20,55
	майлы дақылдар	7,43	8,26	7,83
	күнбағыс	12,8	13,4	13,1
	сафлор	6,9	6,7	6,8
	қант қызылшасы	174,4	188,7	181,55

төмен, өткізу бағасы жоғары және өндіріс рентабельділігінің жоғары деңгейі бар өнім өндіру кезінде қол жеткізіледі. Тиісінше, аталған көрсеткіштер бойынша талдау жүргізілді.

Талдау облыс бойынша сойыс салмағындағы ірі қара мал етінің өзіндік құны 72 209 теңгені құрағанын көрсетті. Бұл ретте табиғи аймақтар бойынша айтарлықтай айырмашылық байқалады. Сиыр етінің ең жоғары өзіндік құны шөлді аймақта – 89 853 теңгені құрады, тау бөктеріндегі шөлді-дала аймағында ол 75 210 теңге болды, орта-азиялық таулы аймағындағы ең төмен, өзіндік құны – 58 791 теңге.

Сүт өндірісінің өзіндік құнында сондай-ақ табиғи аймақтар бойынша айырмашылықтар бар. Ол тау бөктеріндегі шөлді-дала аймағындағы 6 848 т/ц құрап шөлді аймақта 10 947 т/ц көтерілді, ал ортаазиялық таулы аймақта оның өндірісі 7 609 т/ц болды.

Облыста қой шаруашылығы дамыған, демек, сала өнімдерін өндіруді арзандату айтарлықтай маңызды. Облыс бойынша сатылған қойдың өзіндік құны оның табиғи аймақтар бойынша айтарлықтай айырмашылығы бар. Ол көрсеткіш облыс бойынша 80 966 т/ц болды; тау бөктеріндегі шөлейт-дала аймағындағы қойдың өзіндік құны 93 116 т/ц, ортаазиялық таулы аймағындағы орташа өзіндік құны 91 725 т/ц болды, ал шөлді аймақта шығындар 69 002 т/ц деңгейінде болды.

Өнімнің өзіндік құнындағы мұндай күрт айырмашылық шошқа шаруашылығы саласында байқалмайды. Облыс бойынша сатылған шошқа етінің өзіндік құны 54 970 т/ц құрады, аймақтар бойынша шамалы ауытқулары бар: ортаазиялық таулы аймағында ол орта көрсеткіштен жоғары болды (54 299 т/ц), тау бөктеріндегі шөлді-дала аймағында – 52 800 т/ц құрады.

Талдау шалғайдағы мал шаруашылығының кейбір салаларының өнімдері өндірісінің өзіндік құнының табиғи жағдайларға тәуелділігінің болуын көрсетті. Бұл қой, жылқы, түйе сияқты салаларға тән. Атап айтқанда, жылқы етінің өзіндік құны да табиғи белгілері бойынша, қой еті сияқты ерекшеленеді. Ол ортаазиялық таулы (59 799,8 т/ц) және шөлді аймақтарда (60 192 т/ц) төмен және тау бөктеріндегі шөлдідала аймағында (72 470 т/ц) жоғары болды, ал облыс бойынша сатылған еттің орташа өзіндік құны 65 956 т/ц құрады.

Түйе шаруашылығымен ортаазиялық таулы аумақтан басқа екі аймақта айналысады. Облыс бойынша өткізілген түйе етінің өзіндік құны 66 685 т/ц болғанда, ол

Аграрная политика: механизм реализации

аймақтар бойынша ерекшеленді: тау бөктеріндегі шөлді-дала аймағында ол 75 700 т/ц, шөлді аймақта – 58 476 т/ц құрады.

Облыс бойынша 1 000 дана жұмыртқаның өзіндік құны 13 735 т болды. Шөлді аймақта өндіріс шығындары жоғары болды және 1000 дана жұмыртқаға 16 482 теңгені құрады, тау бөктерінде – шөлді-дала аймағында өзіндік құны 12 533 теңгені құрады.

Жалпы мал шаруашылығының барлық салаларында өндіріс рентабельді. Рентабельділік деңгейі өнім түрлері бойынша да, өңірлер бойынша да ерекшеленеді. Мал шаруашылығында облыс бойынша ет өндірісінің пайдалылық деңгейі 19,2%-ды құрады, ал шөлді аймақта 15,0%-ға дейін төмендеді, ортаазиялық тау аймағында 31%-ға дейін өсті.

Рентабельділік деңгейіндегі айырмашылық ауқымы әкімшілік аудандарда көп. Осыған ұқсас жағдай басқа салаларда да қалыптасты. Ең төмен тиімділікпен құс шаруашылығының дамуы сипатталады.

Өндіріс тиімділігін жан-жақты бағалау үшін мал мен құс өнімділігінің, өнімнің

өзіндік құны мен бәсекеге қабілеттілігінің индекстері есептелді және талданды.

Облыс бойынша мал мен құстың өнімділік индексі талдау ірі қара малды өсіру үшін ең қолайлы аймақ тау бөктеріндегі шөлді-дала аймағы болып табылатынын көрсетті. Ет және сүт өнімділігінің индекстері тиісінше 1,06 және 1,17 құрады. Ортаазиялық таулы аймақта бұл көрсеткіштер біршама төмен (0,88). Сүт өнімділігі индексі 0,63 құрады.

Қой шаруашылығын дамыту үшін екі аймақта қолайлы жағдай бар: Ортаазиялық таулы және шөлді. Оларда қой өнімділігінің индексі 1,05 құрады, ал тау бөктеріндегі шөлді-дала аймағында ол төмен болды және 0,97 құрады. Шошқа шаруашылығы тау бөктеріндегі шөлейт-дала аймағында жақсы дамиды, онда өнімділік индексі 1,07 болды.

Жылқыларды өсірумен үш аймақта айналысуға болады, сонымен қатар шөлді аймақта өнімділік индексі 1-ден төмен және 0,93 құрады. Құс шаруашылығын шөлді аймақты қоспағанда, екі аймақта дамыту керек (2 кесте).

2 кесте – 2018 жылғы Жамбыл облысындағы мал мен құс өнімділігінің индексі

Аймақ	Аудан	Ірі қара мал (ет)	Сиыр (сүт)	Қой мен ешкі (ет)	Қой (жүн)	Шошқа	Жылқы	Түйе	Құс (ет)	Құс (жұмыртқа)
Облыс	Байзақ	0,93	1,17	0,97	1,10	0,63	0,99	1,03	1,00	1,25
	Жамбыл	0,72	0,94	1,05	0,90	0,73	0,81	0,99	0,86	1,24
	Жуалы	0,88	0,88	1,05	1,14	0,85	1,00		1,00	0,76
	Қордай	1,06	1,26	0,87	1,57	1,07	1,03		1,38	1,05
	Т. Рысқұлов	0,87	1,13	1,03	1,38	1,06	0,98		0,95	0,64
	Мерке	1,32	0,97	1,05	1,38	0,78	1,11		0,95	0,28
	Мойынқұм	0,85	0,98	1,05	0,81		0,93	1,03	0,95	0,57
	Сарысу	0,88	0,63	1,00	0,67	0,59	0,90	0,99	0,76	0,98
	Талас	0,99	0,49	1,00	0,81	0,73	1,07	0,99	0,95	0,87
	Шу	1,11	0,94	0,95	0,71	0,94	1,16		1,33	0,94
	Тараз қаласы	0,74	1,06	1,03	0,71	0,81	0,90		1,19	0,64
Облыс бойынша жиыны		1,0	1,00	1,00		1,00	1,00		1,00	1,00
Ортаазиялық-таулы		0,88	0,88	1,05	1,14	0,85	1,00		1,00	0,76
Тау бөктеріндегі шөлді-дала		1,06	1,17	0,97	1,33	1,07	1,03	0,99	1,05	1,05
Шөл		0,85	0,63	1,05	0,81		0,93	1,03	0,95	0,58

Өнімнің өзіндік құнының индексі талдау кезінде оның басқалардан бір ерекшелігін ескеру қажет. Өзіндік құн индексі оның деңгейімен үйлеседі. Егер өнімнің

төмен өзіндік құны тең мәнділік кезінде оның сапа көрсеткіштері оны өндірудің неғұрлым жоғары тиімділігін қамтамасыз етсе, өзіндік құн индексінің төмен көр-

Өнімнің басқа түрлері бойынша өзіндік құн индекcін талдау шөлді аймақта қой шаруашылығын, ортаазиялық таулы айма-

Бәсекеге қабілеттіліктің интегралдық индексі ауыл шаруашылығын орналастыруды оңтайландыру бағытын және өнімнің белгілі бір түрлерін өндіруде аймақтарды мамандандыруды айқындау үшін негіз болады.

Аймақ	Аудан	Мал және құс шаруашылығы өнімдерінің өзіндік құнының индексі						
		ІҚМ	оның ішінде: сиыр	қой мен ешкі	шошқа	жылқы	түйе	құс
Облыс	Байзақ	1,5	1,0	0,97	0,98	1,23	1,24	1,01
	Жамбыл	1,5	1,6	0,99	0,99	1,02	1,08	1,01
	Жуалы	0,8	1,0	1,13		0,61	-	
	Қордай	1,0	0,9	1,15	1,04	1,10	-	0,91
	Т. Рысқұлов	0,8	1,1	1,07	0,96	1,08	-	0,93
	Мерке	1,1	1,0	1,06	1,24	0,99	-	
	Мойынқұм	1,2	1,4	0,85	-	0,87	0,88	
	Сарысу	0,7	1,4	0,82		0,79	0,79	
	Талас	1,4	1,2	0,94		1,12	1,13	
	Шу	0,5	0,6	0,99		0,86	-	0,57
	Тараз қаласы	1,5	0,8	1,14		1,06	-	0,67
Облыс бойынша жиыны		1,0	1,0	1,0	1,0	1,00	1,00	1,0
Ортаазиялық таулы		0,8	1,0	1,1	0,61	0,91		1,01
Тау бөктеріндегі шөлді-дала		1,0	1,1	1,2	1,1	1,1	1,14	0,91
Шөл		1,2	1,4	0,9	0,87	0,91	0,88	1,2

Қант қызылшасын өндіру көлемі 2008 жылдан бастап 2018 жылға дейінгі кезеңде 9,0-ден 206,1 мың тоннаға дейін ұлғайды. Облыста халықтың қантқа деген қажеттілігін қанағаттандыру және импортқа тәуелділікті еңсеру үшін қант зауыттары жаңғыртылуда. Көкөніс және бақша дақылдары (қарбыз және қауын) өнімдері өндірісі жоғары қарқынмен өсті.

Осыған ұқсас жағдай мал шаруашылығы саласын дамытуға тән болды. Өнімнің негізгі түрлері: ет, сүт өндірісі де жоғары қарқынмен өсті. Сонымен қатар, Қазақстанда өндірілетін етке деген жоғары сапамен сипатталатын сыртқы сұраныс өсуде. Елімізде ет және сүт өнімдерін қайта өңдеу өнімдерінің өсіп келе жатқан импорты осы саланың даму қарқынын жеделдету қажеттілігін болжайды.

Азық-түліктің ішкі нарығына талдау жүргізілді, облыс халқының 2030 жылға дейінгі өсу болжамын есепке ала отырып, оған сұраныс есептелген, республиканың солтүстік облыстарының, сондай-ақ жақын

шетелдердің базарларында жеміс-көкөніс өнімдері мен көкөніс дақылдарының өнімдеріне сұраныс өте маңызды болып қалуда. Сыртқы нарықтарда мал шаруашылығы өнімдеріне сұраныс зор. Ресурстық әлеуетті, ерекше жер және еңбек ресурстарын, азық-түліктік тәуелділікті пайдаланудың төмен деңгейін еңсеру және бәсекеге қабілеттілікке қол жеткізу Ауыл шаруашылығын дамытудағы басымдықтарды айқындау және басымдықтарды іске асыруды мемлекеттік қолдау және ынталандыру шараларын әзірлеу қажеттілігін болжайды.

Жамбыл облысы үшін ресурстық әлеуетті ұтымды пайдалануды, өндірілетін өнімнің бәсекеге қабілеттілігіне қол жеткізуді қамтамасыз ететін жетекші салаларды таңдау арқылы ауыл шаруашылығын жедел дамыту басым болуы тиіс.

Табиғи аймақтар бойынша ауыл шаруашылығының орналасу жай-күйін, факторлардың жиынтығы бойынша оның тиімділігін зерттеу барысында ауыл шаруашылығының перспективалық салаларын негіздеуге және олардың 2030 жылға дейін даму болжамын беруге мүмкіндік берген нәтижелер алынды.

Мал шаруашылығының қарқынды дамуы құрама жем өнеркәсібін дамыту үшін алмастырылмайтын шикізат болып табылатын құнарлы азыққа және жүгері дәніне сұранысты арттырады. Қант қызылшасы өз уақытында облыс үшін дәстүрлі дақыл және оның дамуы экономикалық тұрғыдан мақсатқа сай болды. Облыстың суармалы жерлерінде көкөніс және бақша дақылдарын өсіру экономикалық жағынан тиімді, олар экологиялық таза өнім өндіру технологиясын игеру мүмкіндігін қоса алғанда, сапасы жағынан жоғары стандарттарға сәйкес келуі тиіс.

Тұжырымдар.

1. Мамандану жағдайын бағалау үшін табиғи аймақтар бойынша ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алқаптарын орналастыруға талдау жүргізілді, ол мыналарды көрсетті. Ауыл шаруашылығы дақылдарының егістіктері негізінен ортаазиялық таулы және тау бөктеріндегі шөлді-дала аймақтарында орналасқан.

Облыстың табиғи жағдайлары көкөніс және бақша дақылдарын өсіруге және жеміс дақылдары мен жүзімді өсіруге қолайлы.

2. Ауыл шаруашылығы дақылдарының бәсекеге қабілеттілік индексын талдау нәтижелері ортаазиялық таулы аймағы астық, оның ішінде бидай мен арпа, жүгері, қант қызылшасы, тау бөктеріндегі шөл дала аймағы жүгері, көкөніс пен қант қызылшасы

дәнін өндіру үшін қолайлы екенін көрсетті. Дәнін алуға өңделетін осы аймақтағы жүгерінің бәсекеге қабілеттілік индексі – 1,29, сондай-ақ көкөністердікі – 1,23.

3. Облыстың табиғи-климаттық жағдайлары мал шаруашылығының барлық салаларын дамытуға мүмкіндік береді.

4. Өнімнің жекелеген түрлерінің бәсекеге қабілеттілігінің интегралдық индексын талдау ірі қара малды дамыту үшін екі табиғи аймақ қолайлы екенін көрсетті – ортаазиялық таулы және тау бөктеріндегі шөлді-дала, шөлді аймақта бұл саланы дамыту қажет емес, қой шаруашылығы мен жылқы шаруашылығын барлық табиғи аймақтарда дамытуға болады, бірақ қой шаруашылығы үшін ең қолайлы шөлді аймақ болып табылады, жылқы шаруашылығы үшін тау бөктеріндегі шөлейт-дала аймағының қолайлылығы төмен, ал шошқа шаруашылығы үшін осы аймақ қолайлы.

Түйе шаруашылығын шөлді аймақта, тау бөктеріндегі шөлді-дала аймағында дамытқан жөн.

Әдебиеттер тізімі

1 Мадиев, Г.Р. Макроэкономические механизмы и инструменты регулирования индустриально-инновационного развития АПК РК [Текст]: монография / Г.Р. Мадиев, У.К. Керимова, А.Т. Есполов [и др.]. - Алматы: Изд-во «Ғылым ордасы», 2017. – 573 с.

2 Керимова, У.К., Айтмуратова, А. Пути увеличения экспорта ориентированной сельскохозяйственной продукции в Казахстане [Текст]: материалы науч-практич. конференции «Повышение эффективности социально-экономической деятельности государства и международных отношений в условиях обеспечения конкурентоспособности». – Алматы: Университет Нархоз, 2019.- С.30-34.

3 Ахметов, К.А. Системная оценка ресурсного потенциала сельского хозяйства на основе корреляционно-регрессионного анализа и моделирования производственными функциями [Текст] / К.А. Ахметов, Г.Р. Мадиев, А.Б. Бекбосынова //Проблемы агрорынка.- 2019.- №3.- С.58-67.

4 Мадиев, Г.Р., Бекбосынова, А.Б. Методические подходы к оценке использования ресурсного потенциала сельскохозяйственного производства [Текст]: материалы XIII международ. науч-практич. конференции «Проблемы экономики, организации и управления в России и в мире».- Прага: World Press s.r.o., 2019.- С.78-82.

5 Бекбосынова, А.Б. Ресурсный потенциал сельского хозяйства и факторы его эффективного использования [Текст]: материалы XIII международ. науч-практич. конфе-

ренции «Проблемы экономики, организации и управления в России и в мире».- Прага: World Press s.r.o., 2019.- С. 20-24.

6 Есенгазиева, С., Мадиев, Г.Р., Бекенова, Г.Ы., Исмаилова, А. Issues of development in the agriculture of the republic of Kazakhstan [Text]: материалы XIII международного. науч-практич. конференции «Проблемы экономики, организации и управления в России и в мире».- Прага: World Press s.r.o., 2019.- С. 37-40.

7 Мадиев, Г.Р. Fostering investment-innovative Activities within the Agro-Industrial complex of the republic of Kazakhstan [Text] / Г.Р. Мадиев, У.К. Керимова, А.Т. Есполов, А.Б. Бекбосынова, Г. Рахимжанова // Journal of Environmental Management and Tourism Quarterly.- 2018.- N 9 (3).-PP. 533-541.

8 Гусева, Г.Я. Экономические условия и факторы, влияющие на эффективность развития и размещения овцеводства по регионам Республики Казахстан [Текст] / Г.Я. Гусева, Н.В. Гусева // Проблемы агрорынка.- 2016.- №3.- С. 88-95.

9 Гиззатова, А.И. Формирование спроса и предложения на агропродовольственном рынке Республики Казахстан [Текст] / А.И. Гиззатова // Проблемы агрорынка. Алматы.- 2017.- № 1.- С. 79-85.

Әдебиеттер тізімі

1 Madiev, G.R. Makroekonomicheskie mehanizmy i instrumenty regulirovaniya industrial'no-innovacionnogo razvitija APK RK [Tekst]: monografija / G.R. Madiev, U.K. Kerimova, A.T. Espolov [i dr.]. - Almaty: Izd-vo « Fylym ordasy», 2017. – 573 s.

2 Kerimova, U.K., Ajtmuratova, A. Puti uvelicheniya jeksporto orientirovannoj sel'skoho-zhajstvennoj produkcii v Kazahstane [Tekst]: materialy nauch-praktich. konferencii «Povyshenie jeffektivnosti social'no-jekonomicheskoy dejatel'nosti gosudarstva i mezhdunarodnyh ot-noshenij v uslovijah obespechenija konkurento-

sposobnosti». – Almaty: Universitet Narhoz, 2019.- S.30-34.

3 Ahmetov, K.A. Sistemnaja ocenka resursnogo potenciala sel'skogo hozjajstva na osnove korreljacionno-regressionnogo analiza i modelirovaniya proizvodstvennymi funkcijami [Tekst] / K.A Ahmetov, G.R. Madiev, A.B. Bekbosynova // Problemy agrorynka.- 2019.- №3.- S.58-67.

4 Madiev, G.R., Bekbosynova, A.B. Metodicheskie podhody k ocenke ispol'zovanija resursnogo potenciala sel'skoho-zhajstvennogo proizvodstva [Tekst]: materialy XIII mezhdunarod. nauch-praktich. konferencii «Problemy jekonomiki, organizacii i upravlenija v Rossii i v mire».- Прага: World Press s.r.o., 2019.- S.78-82.

5 Bekbosynova, A.B. Resursnyj potencial sel'skogo hozjajstva i faktory ego jeffektivnogo ispol'zovanija [Tekst]: materialy XIII mezhdunarod. nauch-praktich. konferencii «Problemy jekonomiki, organizacii i upravlenija v Rossii i v mire».- Прага: World Press s.r.o., 2019.- S.20-24.

6 Esengazieva, S., Madiev, G.R., Bekenova, G.Y., Ismailova, A. Issues of development in the agriculture of the republic of Kazakhstan [Text]: materialy XIII mezhdunarod. nauch-praktich. konferencii «Problemy jekonomiki, organizacii i upravlenija v Rossii i v mire».- Прага: Izd-vo «World Press s. r.o.», 2019.- S. 37-40.

7 Madiev, G.R. Fostering investment-innovative Activities within the Agro-Industrial complex of the republic of Kazakhstan [Text] / G.R. Madiev, U.K. Kerimova, A.T. Espolov, A.B. Bekbosynova, G. Rahimzhanova //Journal of Environmental Management and Tourism Quarterly.- 2018.- N 9 (3).-PP. 533-541.

8 Guseva, G.Ja. Jekonomicheskie uslovija i faktory, vlijajushhie na jeffektivnost' razvitija i razmeshhenija ovcevodstva po regionam Respubliki Kazahstan [Tekst] / G.Ja. Guseva, N.V. Guseva // Problemy agrorynka.-2016.- №3.- S. 88-95.

9 Gizzatova, A.I. Formirovanie sprosa i predlozhenija na agroprodovol'stvennom rynke Respubliki Kazahstan [Tekst] / A.I. Gizzatova // Problemy agrorynka.-Almaty.-2017.- №1.- S. 79-85.